

Астана қ.

## **«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшылық құрамындағы өзгерістер жайлы хабарлайды**

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компания басшылығының құрамындағы келесідей өзгерістерді хабарлайды.

**Арман Құрметұлы Қайрденовтың** орнына «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары **Дмитрий Сергеевич Макеев** тағайындалды. Ол мұнай өңдеу және мұнай химиясы бағытына жетекшілік ететін болады.

Д.Макеев 2019 жылдың желтоқсанынан ҚМГ-нің мұнай өңдеу және мұнай химиясы департаментінің директоры қызметін атқарып келді.

Әр жылдары «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың техникалық дамыту басқармасының бастығы, техникалық дамыту департаментінің директоры лауазымдарында болды.

2005-2019 жылдары Атырау мұнай өңдеу зауытында жұмыс істеп, онда қондырғы операторынан бастап технология жөніндегі басқарушы директоры қызметіне дейінгі еңбек жолынан өтті.

Басқарма құрамындағы өзгерістер ҚМГ Директорлар кеңесі тиісті шешімдер қабылдағаннан кейін белгіленген тәртіппен ашылады.